



Аты-жөні: Мұсаева Аяжан
Туған жылы: 01.08.2000ж.
Жасы: 16
Мекен-жайы: Хромтау қаласы, Есет батыр көшесі 4-18
Мектебі: №6 Хромтау гимназиясы
Ұлты: қазақ
Қызығушылығы: көркем шығармаларды сүйіп оқу, сурет салу.
Пән мұғалімі: Керимова Гүлжазира Есенбекқызы

Ұстаздыққа жүрегі

"Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы
тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық
адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі."
Жан - Жак Руссо

Осынау құс қанаты талатын, тұлпар тұяғы тозатын ұланғайыр ұлы даланың бүгінгі ұрпаққа бұйырғаны, азаттықтың ақ таңын атырып жатқанымыз даңқты бабалардың, айбынды аталардың арқасы мен батасы. Сол аталарымыз бен бабаларымызға тағзым ету, істерінен тағылым алу - бүгінгінің міндеті, болашақтың қамы. Ал болашақ жастарға, яғни, бізге өнегелі сөзбен үн қатқан ата-бабаларымыздың мұрасын жеткізіп келе жатқан - ұстаздар. Менің түсінігімдегі ұстаз – рухы таза, ой – өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жанашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам. Бұл түсінікті қалыптастыруға септігін тигізген бірден - бір адам - ол менің ақ тілеулі анам - ұстазым, класс жетекшім Керимова Гүлжазира Есенбекқызы. Ол менің өмірімде ерекше жарқ етіп, бейнесінің көз алдымда мәңгі қалыптасуына септігін тигізді.

Ұстаздықтың сыры да мол, сипаты да көп. Оның бәрін айтып түгесу қиын. Дегенмен, нағыз ұстазға тән ерекшеліктерді сол ұстазымның бойынан көремін.

- Мен сендерге сенемін! - деп ұлы сөзбен үн қатқандай болатын. Ұлы ұстаз есімі қайраттылық пен қайсарлықтың синониміне, жүрегімнің төрінде аралдардың ішінде ерекше материкке айналды. Алдымызда үлкен сынақ күтіп тұрған етін. Шынымды айтар болсам, нағыз қиын сәтте осы сөздер маған демеу болған секілді.

- "Білімдар адам қайда барса да, оны таза гауһар тастай бағалай біледі" деген ұлы дарын иесі Саиф Сарайдың сөздерін есімізге түсіріп, жанымыз бен тәніміздің қиналғанын төзе алмайтын аяулы да, ардақты ұстазымыз қолғанатымыз болып жүргенін бар махаббатыммен түсіндім.

Жүзінен нұры төгілген жайдары бейнесі ұстазымның дара тұлғасының айқын көрінісі десем қателеспеспін. Түйіліп сызылған қиғаштау қасы мен тұнжыраған тұңғиық көзі ұстазымда зор қайрат, үлкен қайсарлық бар екенін көрсетеді. Орта бойлы, қырлы мұрынды, жүзіктің көзінен өткендей көздері жалт - жұлт етіп бейне бір сенің жан дүниенді еш мұқалмастан түсінетін секілді. Оның бейнесіне үніліп қарар болсаң, өнері өрге жүзген дарын иесі екенін аңғаруға болады. Себебі, ол - азуын айға білеген, жүрегінің түгі бар, бойына ерлік дарытқан әрбір шәкірті үшін дара тұлға. Егер шәкірттік жылдарымыздың балдәурен, балалық сезімге толы парақтарын бүгінгі есейген, ес тоқтатқан болмыс - бітімімізбен тағы да бір ой елегінен өткізіп, сараптап отырсақ, соның әр бетінде көзге ыстық, көңілге жылы көрініп ұшыраса беретін аяулы бір бейне бар, ол - Ұстазым. Содан бері өткізген әрбір жылымыздың мазмұн-мағынасында ақыл-парасат, сабыр мен төзім, адалдық пен ар дүниесіне деген іңкәрлік, әділдік пен жақсылыққа деген құштарлық, махаббат пен достыққа деген табандылық танылып, ізгілік пен руханиятқа жүрек көзі ашылып, "бойда қайрат, ойда көз" жатқан сәттеріміз аз ұшыраспаса, осының барлығының түпкі төркіні - соның еншісінде. Шәкірттермен араласа жүріп қызмет еткен сәттерінде, біздің әлі қалыптаса қоймаған балаң сана-сезімімізге баға жетпес білім, білік байлығын сіңіруді, сөйтіп ғылым әлемінің таусылмайтын шетсіз-шексіз көкжиегіне жетелеуді ғана мақсат етіп қойған жоқ. Ол ең алдымен мына әлемге, мына қоғамға, мына өмірге адам беруге тырысты. Бұл тіпті де Оның мәнді де мағынаға толы ұстаздық сәттерінің басты өлшеміне айналғандай еді.

Ұстазымыздан жырақта қалып, қанат қатайтып, өмір баспалдағының басқышымен әрбір сәтте ілгері аяқ басқан кездерімізде, ол сіңірген өнеге мен тәлімді өмірдің өзінен сабақ ала отырып, бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да жарқыраған көңіл көзімен сезіндік, бойға ұялаттық, жүрекке жақындаттық. Өмір баспалдағымен неғұрлым ілгері басқан сайын - Ар, Адалдық, Тазалық, Жақсылық, Әділеттілік, Шындық, Ізгілік, Достық, Махаббат сияқты қасиетті ұғымдар оның Ұстаздық бейнесімен үйлесім тауып, алдымыздан шығып отырады. Осы ұғымдардың алдында сүрінген сәттеріміз бола қалса, сол – Ұстаздық!

- Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Олай болса, адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

Ұстаздық- ұлы тұлға!